

## **Таиланд Корольдігінің ханшайымы Маха Чакри Сириндорнның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 91-ө Өкімі Қазақстан Республикасы мен Таиланд Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2005 жылғы 17 - 20 сәуірде Астана, Алматы қалалары мен Оңтүстік Қазақстан облысында Таиланд Корольдігінің ханшайымы Маха Чакри Сириндорнның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Таиланд Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Таиланд Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Таиланд Корольдігі ханшайымының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Таиланд Корольдігі ресми делегациясының Астана қаласындағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде және Алматы қаласындағы халықаралық "Мирас" мектебінде болуын ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана, Алматы қалаларының және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдері Таиланд Корольдігінің делегациясын қарсы алу және шығарып салу, баратын жерлерінде олармен бірге жүру, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру, сондай-ақ мәдени бағдарлама мен ресми қабылдауларды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана мен Алматы қалаларының әуежайларында Таиланд Корольдігінің ханшайымын қарсы алу және шығарып салу салтанатына қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 5

с ә у і р д е г і

№ 9 1 - ө ө к і м і н е

қосымша

### **Таиланд Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. 1+10 форматы бойынша Таиланд Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерін Астана қаласында "Интерконтиненталь" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Риджент Анкара" қонақ үйіне және Шымкент қаласында "Кема" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласында "Интерконтиненталь" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Риджент Анкара" қонақ үйіне және Шымкент қаласында "Кема" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақыруларға) дайындау.

4. Таиланд Корольдігі ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Таиланд Корольдігінің ресми делегациясын Астана, Алматы және Шымкент

қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасы Президенті атынан Таиланд Корольдігі ханшайымының құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Таиланд Корольдігі ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ